

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 338-341.

ӘОЖ 574

ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Колданова Ж.Ж., 2 курс студенті

*Шығанақ Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары ауыл шаруашылығы колледжі,
Ақтөбе қ.*

Қазіргі таңда Жер бетіндегі бүкіл адам баласын ерекше толғандырып отырған ең басты мәселе - ғаламдық деңгейдегі экологиялық мәселелер болып отыр. Сондықтан да, әрбір мемлекет бұл мәселелерді негізгі мемлекеттік міндеттердің бірі деп қарастырады.

Адам санының күрт өсуі, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының дамуы, қуат көздерінің өндіруі, көліктің көптен пайдалануы қоршаған ортаға кері әсер етпей қоймайтыны анық жәнеде экологияның нашарлауына, табиғи ресурстардың сарқылуына бірден бір әсер етуші фактор адам болып табылады.

Ғылыми мәліметтерге қарағанда, қоршаған ортаға зиянды әсер ететін екі факторды атауға болады: жер бетіндегі адамдардың санының өсуі мен адамның іс-әрекеті. Мәселен, 1990 жылы біздің планетамызда 5,3 миллиардтай адам шамасында болса, қазір 7 млрд-тан астам және де ХХІ ғасырдың орта кезінде 10 млрд-қа жетуі күтілуде. Жер бетінде халықтың тез өсіп жетілуі көптеген қиыншылықтар туғызады, мәселен, планетадағы бүкіл халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, әл-ауқатын үздіксіз жақсарту - бұл әрине, оңай жұмыс емес, себебі адам санының өсуімен оның тұтынатын заттары да, сұранысы да ұлғаяды, ал екінші фактор: адамның өндірістік іс-әрекеті. Қазіргі кезеңде ең көкейтесті мәселелердің бірі - бұл адамның өндірістік іс-әрекетінің негізінде қоршаған ортаның ластануы мен бұзылуы [1].

Жер құнарлылығы жөнінен де Қазақстан қазір мақтана алалмайды. Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, егістіктің 25% жарамсыз жағдайда десе де болады, 46% - құнарлылығы төмен, 24% - орташа, тек 4,7%-ғана жоғары құнарлылықта, бұған қоса Қазақстан дүниежүзінде орманы аз елдердің қатарына жатады. Орасан зор 272,5 млн.га территориядан орман қорының аумағы бар болғаны 11,4 млн.га, сонда республиканың тоғайлы жері - 4,2% құрайды [2].

Атмосфераны, суды, топырақты химиялық элементтермен ластаушы нысандарға өндіріс, көлік құралдары, энергетикамен қатар ауыл шаруашылығы да жатқызылады, себебі табиғатты пайдалану барысында ауыл шаруашылығында экологиялық проблемалардың қатары көбеюде, оның

ішінде: топырақтың химиямен ластануы, топырақ эрозиясы, кіші өзендер проблемалары, ауаның ластануы, қоқыстардың көбеюі, судың ластануы мен сарқылуы, жануарлар мен құстардың азаюы, ормандардың жойылуы, климаттың өзгеруі мен фотохимиялық түтіндер [3].

Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын минералдық тыңайтқыштар, пестицидтер қоршаған ортаны ластайтын басты көздері болып табылады. Жеке шаруашылықтар көбіне химиялық заттарды мөлшерден тыс қолданады, өйткені олар жылдам әрі берекелі өнім жинауға ықпал етеді. Ал, осының барлығы жер қорларына зиян келтіреді. Ауыл шаруашылығы үшін маңызды мәселе ол топырақ эрозиясы, ал эрозия - бұл топырақ қабатының су ағыстары немесе жел арқылы жойылуы, ыдырау үдерісі, осыған байланысты су және жел эрозиясы деп бөлек бөліп қарастырылады. Ауыл шаруашылығы жұмыстарын дұрыс жүргізбеу эрозия үдерісін едәуір күшейтеді. Қысқа мерзімдерде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайтуға ұмтылу көбіне жер өңдеу жұмыстары тәртібінің бұзылуына, мысалы егіс айналымы қорының азаюына алып келеді.

Минералдық тыңайтқыштар жыл сайын топырақтан шайылып кеткен химиялық элементтердің орнын толтыру үшін егістіктерге себіледі. Тыңайтқыштар өсімдіктердегі зат алмасу үдерістерін реттейді, ақуыз, майлар, көмірсулар, дәрумендердің түзілуіне ықпал етеді. Тыңайтқыштардың аз ғана мөлшері климат жағдайлары мен топырақ ерекшелігі ескеріле отырып қолданылады, олар ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға ықпал етеді, бірақ тыңайтқыштарды ендіру тәртібі жиі бұзылып отырады. Тыңайтқыштарды жоғары мөлшерде жүйелі енгізу, нашар сақтау, тасымалдау кезіндегі кемшіліктер ортаның, әсіресе су қоймаларының ластануына алып келіп, адам денсаулығына кері әсерін тигізеді. Мысалы, тыңайтқыштарды мөлшерден тыс енгізгенде өсімдіктерде нитраттар көп мөлшерде жинақталады, сөйтіп оның біраз мөлшері тағамға түсіп, жеңіл түрде тағамнан улануға алып келуі де мүмкін [4].

Жалпы экологиялық мәселелердің туындау себептеріне адамдардың табиғатқа аяушылықпен қарамауы, өндіріс орындарының суды тазартпай қайта жіберуі, суармалы егістіктердің ұлғаюына байланысты өзендерге (мысалы, Сырдария, Іле) канал қоймаларының салынуы, егіс алқаптарында тыңайтқыш, түрлі улы химиялық заттардың шамадан тыс қолданылуы, олардың еріген қар, жаңбыр су мен өзен суымен шайылып кетуі және т.б. мәселелер болып саналады.

Экологиялық мәселер қазіргі өзекті тақырыпқа айналып отыр, атап өтсем: ауа, су, қоқыс, орман мәселелері таңқаларлық жаңалық емес.

Ауа экологиясы мегаполистерде кең тараған мәселе, зауыттар мен жеңіл әрі ауыр көліктерден шығатын улы газдар, ауаның сапасын бұзып тұр. Улы газдардың салдарына келсек, өкпе аурулары, иіс сезу қызметі, бас аурулары, онкологиялық ауруларды қоздырады.

Су экологиясы, көбінесе ауылдық елді мекендерде байқалады. Оған су ресурстарының жетіспеушілігі, көл мен өзендердің ластануын мысал ретінде

айта аламыз, оның үстіне тау-кен өндірісі, металлургия мен мұнай өнеркәсібі қарқынды ластап жатыр.

Қоқыс мәселелері бойынша зардап шегетін ол ауылдар, қалалар, жағажайлар мен далалы жазық жерлер. Пластик (полиэтилен сөмкелері, жеке гигиеналық заттар, ыдыс-аяқтар және т.б), тұрмыстық химия заттары, тағам қалдықтары және алуан түрлі заттарды жәй ғана жерден көре аламыз, жәнеде бет-перделер мен полиэтилен қаптары өзен, көлдер мен мұхиттарды қатты ластап отыр.

Ормандардың жаппай кесілуі, антропогендік факторлардың салдырынан пайда болған экологиялық мәселе. Орманның кесілуі көмірқышқыл газы мөлшерінің көбеюіне, флора және фауна (өсімдік және жануарлар әлемі) жойылуы, топырақтың эрозиясы, шөлдің пайда болуына әкеліп соғады.

Бұл экологиялық мәселелердің зардабы өте ауқымды, оны жеңу үшін әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Қоқысты өңдеп, суды үнемдеп, көлік құралдарының орнына жеңіл велосипедтерді пайдаланып, орманды кесуді доғарып оның орнына ұқсас затты пайдалана бастау және тағыда басқада жолдарды іздестіру [5].

Климаттың өзгеруінің барлық зардаптарының ішінен қазақстандықтарды ең алдымен ауаның ластануы мен атмосфераға зиянды заттардың шығарылуы алаңдатады (61,5%). Одан кейін алаңдататын мәселелер – өндірістік және қатты тұрмыстық қалдықтарының жиналуы (16%), су ресурстарының ластануы (9%), шөлейттену және жердің тозуы (8,5%) болып табылады.

Осы мәселелерге байланысты «ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі» экологиялық реттеу және бақылау комитетінің төрағасының З.Жолдасовтың мәлімдемесі бойынша Қазақстанда 17 бағыттан тұратын экологиялық мәселелерді шешуге арналған жол картасы әзірленді, оның аясында 485 іс-шара қарастырылған. «Экологиялық проблемаларды шешу жол картасын іске асыру 2025 жылға қарай еліміздегі 10 қала атмосферасының ластану индексын жоғары деңгейден орташа деңгейге дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Сол арқылы ірі қалалар ауасының жай-күйі жақсара түседі. Одан бөлек, қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған 7 полигондарды жаңдандырып және 24 жаңа полигон салу жоспарымыз бар. Сол сияқты 12 қатты тұрмыстық қалдық полигоны қайта жаңғыртылады», деп нақтылады ол. Оның айтуынша, аталған жол картасы аясында жасалған жұмыс 2025 жылға қарай нәтиже бере бастайды.

Экологиялық мәселелерді тудыратын адамдар және олардың істері, сондықтан біз өз елімізде экологиялық мәселелерден барынша құтылуға мүмкіндік беретін жұмыстар жасау керекпіз деп ойлаймын, яғни табиғатқа жанашырлықпен қарау, табиғат байлықтарын сақтау, шаруашылыққа және басқа да қызметтерін зиянды әрекеттердің алдын алу, қоршаған ортаның сапасын жақсарту және сауықтыру әрбір адамның өміріндегі нормаға айналуы тиіс, өйткені, адам - тіршіліктің ең жоғарғы тетігі, оның табиғатқа тиісті дәрежеде табиғи процестерді үйлестіру, қоршаған ортаның жағдайына

ықпал ету мүмкіндіктері бар, сондықтан да дүниені бағындыратын күшке ие адам ғана бұл мәселені жалпы үйлестіру функциясын өзіне алуы тиіс. «Жаңа Қазақстан – таза Қазақстан» деген ұранды әр азамат есте сақтаса екен деймін.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.А. Мұхажанова «Жаһандық экология» [Текст]: оқу құралы. Алматы, 2011. 172 б.
2. А.Т. Құатбаев «Жалпы экология» [Текст]: Алматы, 2012. -376 б.
3. З.М. Молдахметов, А.М. Ғазалиев, С.Д. Фазылов «Экология негіздері» [Текст]: Қарағанды, 2002. -255 б.
4. Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі, Алматы, «Юрист», 2018ж. Электрондық ресурс]. -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400> (өтініш берген күні: 20.02.2023)
5. Chen, X., Huang, G., Zhao, S. et al. Municipal solid waste management planning for Xiamen City, China: a stochastic fractional inventory-theory-based approach [Text]/ Environ Sci Pollut Res, -2017. -№24. - P.24243–24260. <https://doi.org/10.1007/s11356-017-0027-x>

Ғылыми жетекшісі: Куспанова Ш.Г.